

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 мамырдағы N 784 Қаулысы

"Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарламада көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне олардың орындалуы жөнінде ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

27

мамырдағы

N

784

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

- Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі

- Бағдарлама)

**Әзірлеу үшін
негіздеме**

- "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005

жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығы

**Әзірлеуге жауапты
мемлекеттік орган**

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

**Бағдарламаның
мақсаты**

- Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында психикалық белсенді заттарға тәуелділіктің таралуының әлеуметтік қауіпті өсу үрдісін

құрсаулау және кері бағыттау

**Бағдарламаның
міндеттері**

- Өңірлік деңгейде есірткіге қарсы қызметті үйлестіруді және оның тиімділігін арттыру, нашақорлықтың бастапқы алдын алу және халықтың салауатты демалу жүйелерін дамыту; есірткіге қарсы насихатты күшейту; Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне және әлеуметтік саласына есірткіге қарсы инновациялық технологияларды кең көлемде енгізу; нашақорлық саласындағы профилактикалық қызмет тиімділігінің мониторингі; екінші профилактикалық және үшінші профилактикалық бағыттарда халыққа наркологиялық көмек көрсету жүйесін жаңғырту және дамыту, оларды тиімді нормативтік-құқықтық және ғылыми-ақпараттық сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне және әлеуметтік саласына профилактиканың, диагностиканың, емдеудің, оңалтудың және әлеуметтендірудің инновациялық технологияларын енгізу, есірткіге тәуелді контингентті медициналық-әлеуметтік оңалтудың тиімді бағдарламаларымен толық қамтуды қамтамасыз ету ; денсаулық сақтау жүйесі мен әлеуметтік сала мамандарының біліктілігін арттыру және қазіргі заманғы есірткіге қарсы технологиялар

бейіні бойынша кең көлемде оқыту,
ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау,
тәрбие және білім беру жүйелерінің
қызметкерлері үшін есірткіге қарсы тақырып
бойынша арнайы білім беру циклдарын өткізу;
есірткіге қарсы қызметті реттейтін заңнамалық
базаны жетілдіру, нашақорлыққа және есірткі
бизнесіне қарсы күреске бағытталған ұлттық
заңнаманы халықаралық құқықтық актілердің
ережелерімен және қоғамдық ұйымдардың
ұсынымдарымен одан әрі үйлестіру;
уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ
нашақорлықтың профилактикасына және оны
емдеуге мамандандырылған медициналық
мекемелердің материалдық-техникалық және
кадрлық әлеуетін нығайту;
есірткі бизнесіне қарсы күресте
ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасуды
нығайту, елдің оңтүстік шекараларын нығайту
арқылы есірткі трафигінің арналарын жабудың
тиімділігін арттыру;
нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы
күресте халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
Орталық Азия өңіріндегі Ресурстық
ғылыми-ақпарат орталықтың белсенді қызметі;
Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы
халықаралық жобаларды іске асыру, Біріккен
Ұлттар Ұйымының есірткіге қарсы күрес
саласындағы шешімдерін Қазақстанның және
Орталық Азия өңірлерінің мүдделерін ескере
отырып әзірлеуге қатысу мақсатында Біріккен
Ұлттар Ұйымының Есірткі заттары жөніндегі
комиссиясында және оның қосалқы органдарында

Қазақстанның жұмысын жандандыру

Іске асыру мерзімі - 2009 - 2011 жылдар

Қаржыландыру

көздері және көлемі

- 2009 жылдан 2011 жылға дейінгі мерзімге 39
млрд. 793 млн. 125 мың теңге сомасындағы
мемлекеттік бюджет қаражаты, оның ішінде
республикалық бюджеттен - 38 млрд. 787 млн.

295 мың теңге, жергілікті бюджеттерден - 1 млрд. 005 млн. 830 мың теңге

Межелі нәтижелер - Психикалық белсенді заттарды анда-санда тұтынатын адамдар санын қысқарту; нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту сапасын арттыру, есірткіге тәуелділердің ұзақ уақыт ремиссияда болатындарының санын көбейту; мемлекеттік шекарада есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы бақылауды күшейту; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру; нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасау саласында перспективалы бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуде техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласындағы тығыз халықаралық ынтымақтастық.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 — 2014 жылдарға арналған стратегиясының екінші кезеңін іске асыру мақсатында, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты" атты ұзақ мерзімді 4-басымдықтың құрамдасы болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.06.24 № 703 Қаулысымен.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және

есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясының (бұдан әрі - Стратегия) бірінші кезеңі аяқталды, оның қорытындысы елімізде есірткіге қарсы жүйенің негізгі буындарының құрылуы болды.

Наркологиялық, психотерапевтік, медициналық-әлеуметтік көмек жүйесінде наркология, психотерапия, клиникалық және консультативтік психология, әлеуметтік жұмыс бейіндері бойынша мамандарды диплом алды және дипломнан кейін даярлаудың жаңа біліктілік және білім беру стандарттары бекітілді.

Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардың құрылымын, технологиясын, штаттық кестесін және материалдық-техникалық базасын қазіргі заманғы наркологиялық көмекті ұйымдастырудың заңнамамен бекітілген стандарттарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмыс басталды.

Есірткіге тәуелділер профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеудің, оңалтудың, әлеуметтендірудің қазіргі заманғы технологиялары әзірленді.

Бастапқы профилактикалық бағытта:

әрбір тестіленетін адамның химиялық және психологиялық тәуелділікке тартылу қаупінің дәрежесін анықтай отырып, автоматтандырылған психологиялық тестілеудің компьютерлік бағдарламасын енгізу басталды, онда осы қауіптерді төмендету жөнінде неғұрлым оңтайлы ұсынымдар беріледі;

есірткіге қарсы мектептік және отбасылық бейнеханалар, қағаз және магниттік тасығыштарда мектептік есірткіге қарсы кітапхана құрылды;

"Тиімді отбасының өз бетімен үйрену құралы" және "Тиімді ата-ананың өз бетімен үйрену құралы" дайындалды.

Екінші профилактикалық бағытта есірткіге тәуелділерді диагностикалаудың, емдеудің, оңалтудың бірқатар клиникалық хаттамалары (стандарттары), сондай-ақ наркологиялық көмектің және наркологиялық қызметтердің түр-түрінің әртүрлі бағдарламалары әзірленді.

Үшінші профилактикалық бағытта:

"нашақорлық" диагнозы бар адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған бағдарламалар және қызметтердің тиісті түр-түрі әзірленді;

Павлодар және Теміртау қалаларында "метадондық" алмастыру терапиясын енгізудің пилоттық жобалары басталды.

Жастарды және үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, республикалық және өңірлік деңгейлерде мемлекеттік органдардың есірткіге қарсы қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыс басталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - РҒПО) Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының

(бұдан әрі - БҰҰ ЕҚБ) Treatnet наркологиялық ауытқу саласындағы наркология және

психотерапия проблемалары жөніндегі ресурстық орталықтарының әлемдік желісіне қосылды. Білім беру циклдары, оқу семинарлары, сондай-ақ халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өтінімдер бойынша және БҰҰ ЕҚБ-ның қаржыландыруымен РФПО-ның базасында өткізіледі.

Республиканың және шекаралас мемлекеттердің есірткіге қарсы құрылымдары арасында уақтылы ақпарат алмасуға және талдауға ықпал ететін есірткі жөніндегі ведомствоаралық деректер банкі құрылды.

Кейіннен жақын және алыс шетелдердің қатысушы мемлекеттерінің осыған ұқсас жүйелерімен ықпалдасу мақсатында:

Ресейдің Есірткіні бақылау жөніндегі федералдық қызметінің мамандары әзірлеген бағдарламалық тұғырнама тұрғысынан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (бұдан әрі - ҰҚШҰ) қатысушы елдердің Есірткі жөніндегі біріккен деректер банкін құру бойынша іс-шаралар жалғастырылуда;

БҰҰ ЕҚБ-ның қолдауымен Алматы қаласында құрылған Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығымен (бұдан әрі - ОАӨАҰО) өзара іс-қимыл ұйымдастырылды.

Стратегияның бірінші кезеңін іске асыру нәтижелерін талдау тұтастай алғанда алға қойылған міндеттердің орындалғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Стратегияның бірінші кезеңінің негізгі бағыттарының бірі - шекарадағы бақылауды күшейту жөніндегі міндет шешілген жоқ.

Есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимыл мен қабылданған шаралар жеткіліксіз болып қалды.

Қазақстандағы заңсыз есірткі нарығының серпінін үш негізгі келеңсіз фактор негіздейді:

"ауғандық" опиаттардың есірткілік экспансиясының қарқын алуы. Халықаралық мамандардың бағалауы бойынша соңғы жылдары Ауғанстандағы апиин-шикізат өндірісі 3 есеге жуық өсті (2002 жылғы 3,4 мың тоннадан 2008 жылы 10 мың тоннаға дейін) және оның көлемі бұдан әрі де өсе түседі;

құрамында есірткі бар өсімдіктердің шикізат базасының өзімізде болуы. Тек Жамбыл облысының Шу алқабында ғана сораның өсу ошағы шамамен 145 мың гектар жерді алып жатыр. Осы алқаптардан жылына 140 мың тонна марихуана немесе 5-6 мың тонна гашиш алуға болады;

еуропалық мемлекеттерден және Ресейден синтетикалық есірткілердің (экстази, ЛСД және т.б.) әкелінуі, мұны олардың тәркілену фактілері айғақтайды.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланатын (бұдан әрі - есірткі тұтынушылар) 54669 адам, оның ішінде 4743-і әйел, 3836-ы кәмелетке толмағандар, олардың ішінде 723 он төрт жасқа дейінгі жасты қоса

алғандағылар есепте тұрған.

Соңғы үш жылда есірткі тұтынушылардың саны 2 %-ға, 2005 жылғы 53,6 мыңнан 2008 жылы 54,7 мың адамға дейін өсті.

Сонымен бірге, 100 мың тұрғынға шаққандағы есірткі тұтынушылар санының көрсеткіші 2,7 %-ға төмендеп, 352-ні құрады.

Кәмелетке толмағандар арасындағы есірткі тұтынушылар санының жыл сайын 6,5 - 9 %-ға төмендеу үрдісі сақталуда.

Көрсетілген кезең ішінде есепте тұрған героин тұтынушылардың саны 24,2 %-ға өсті (22991-ден 28559-ға дейін), ал апиын қолданатын адамдардың саны керісінше 2,2 есе (11936-дан 5416-ға дейін) азайды. Каннабистік топтың есірткілерін теріс пайдаланушылардың саны шамалы өскенімен, жалпы бұрынғы деңгейінде қалды.

Нашақорлық пен уытқұмарлық бойынша: 2006 жылы - 9 816 (немесе тіркелген есірткі тұтынушылардың жалпы санының 18,4 %), 2007 жылы - 9 728 (немесе 17,6 %), 2008 жылы - 8 360 (немесе 15,3 %) адам емдеуден өтті.

Бақылаудағы адамдар қатарындағы тұрақты ремиссия көрсеткіштері (2 жылдан жоғары) 2006 - 2008 жылдары 5,6 % - 6,5 %-ды құрады.

Ресми есепте тұрған есірткі тұтынушылардың өлімі жыл сайын 2,2 - 2,3 %-ды құрады.

2009 жылғы 1 қаңтарда республикада ЖҚТБ жұқтырған 11 709 адам тіркелді. Үш жылда ЖҚТБ жұқтырудың барлық тіркелген жағдайларының арасында инъекциялық есірткі тұтынушылардың үлесі 4,3 %-ға төмендеді және 70 %-ды құрады.

Соңғы үш жыл ішінде есірткі құралдарын және психотроптық заттарды теріс пайдаланудың салдарынан қылмыс жасаған адамдардың саны шамамен бір деңгейде қалып тұр (2006 жылы - 259, 2007 жылы - 247, 2008 жылы - 269). Осы қылмыстардың құрылымында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 259-бабында көзделген (2006 жылы - 74,1 %, 2007 жылы - 77,7 %, 2008 жылы - 83,6 %) қылмыстар және жеке меншікке қарсы қылмыстар (2006 жылы - 15,8 %, 2007 жылы - 14,2 %, 2008 жылы - 7,4 %) б а с ы м .

2006 - 2008 жылдары құқық қорғау органдары есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымы саласындағы 30 990 қылмысты, оның ішінде 14 535 есірткі өткізу фактісін, 1 191 контрабанда фактісін анықтады. 27 ұйымдасқан қылмыстық топ әрекетінің ж о л ы к е с і л д і .

Осы кезеңде заңсыз айналымнан 76,5 тонна, оның ішінде 70,3 тонна марихуана, 2 715,7 кг героин, 989,7 кг апиын тәркіленді.

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы м ы н а л а р м е н :

есірткіні заңсыз таратуға байланысты қылмыстар санының ұлғаюымен;
заңсыз айналымнан алынатын героин көлемінің және осы есірткіні тұтынатын есірткіге тәуелділер санының ұлғаюымен;

кәмелетке толмағандар арасында есірткі тұтынушылардың азаюымен қатар, героинге тәуелді адамдар санының ұлғаюымен сипатталады.

Мемлекеттік және қоғамдық институттар тарапынан нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасау шаралары мыналармен:

есірткіні әкелу мен транзиттеуге, сондай-ақ есірткі қылмысының ұйымдасқан нысандарына қарсы күрес тиімділігінің жеткіліксіздігімен;

құзыретіне есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді заңдастыру фактілерінің жолын кесу кіретін мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау тетігінің бастапқы қалыптасу сатысымен;

есірткіге тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға емдеу және оңалту көмегінің жеткіліксіз дамуымен;

есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту жүйесін дамытудың бастапқы сатысымен;

есірткіге тәуелді адамдарды, оның ішінде бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды әлеуметтік-психологиялық оңалту және әлеуметтендіру жүйесінің болмауымен;

өңірлік деңгейде есірткіге қарсы саясатты тиімді іске асырудың жеткіліксіздігімен сипатталады.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасы тұрғындарының арасында психикалық белсенді заттарға тәуелділіктің таралуының әлеуметтік қауіпті өсу үрдісін құрсаулау және кері бағыттау жөніндегі іс-шараларды іске асыру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

өңірлік деңгейде есірткіге қарсы қызметті үйлестіруді және оның тиімділігін арттыру, нашақорлықтың бастапқы алдын алу және халықтың салауатты демалу жүйелерін дамыту;

нашақорлыққа қарсы насихатты күшейту;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және әлеуметтік саласына есірткіге қарсы инновациялық технологияларды кең көлемде енгізу;

нашақорлық саласындағы профилактикалық қызмет тиімділігінің мониторингі;

екінші профилактикалық және үшінші профилактикалық бағыттарда халыққа наркологиялық көмек көрсету жүйесін жаңғырту және дамыту, оларды тиімді нормативтік құқықтық ғылыми-ақпараттық сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне және әлеуметтік саласына профилактиканың, диагностиканың, емдеудің, оңалтудың және әлеуметтендірудің инновациялық технологияларын енгізу, есірткіге тәуелді контингентті медициналық-әлеуметтік оңалтудың тиімді бағдарламаларымен толық қамтуды қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау жүйесі мен әлеуметтік сала мамандарының біліктілігін арттыру және қазіргі заманғы есірткіге қарсы технологиялар бейіні бойынша кең көлемде оқыту, ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау, тәрбие және білім беру жүйелерінің қызметкерлері үшін есірткіге қарсы тақырып бойынша арнайы білім беру циклдарын ө т к і з у ;

заңнамалық базаны жетілдіру, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске бағытталған ұлттық заңнаманы халықаралық құқықтық актілердің ережелерімен және қоғамдық ұйымдардың ұсынымдарымен одан әрі үйлестіру;

уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ нашақорлықтың алдын алуға және емдеуге мамандандырылған медициналық мекемелердің материалдық-техникалық және кадрлық әлеуетін нығайту;

есірткі бизнесіне қарсы күресте ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасуды нығайту, елдің оңтүстік шекараларын нығайту арқылы есірткі трафигінің арналарын жабудың, есірткі бизнесінен түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы күрестің тиімділігін арттыру;

нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте халықаралық ын т ы м а қ т а с т ы қ т ы к е ң е й т у ;

Орталық Азия өңіріндегі Ресурстық ғылыми-ақпарат орталығының белсенді қ ы з м е т і ;

Қазақстан Республикасында есірткіге қарсы халықаралық жобаларды іске асыру, Қазақстанның және Орталық Азия өңірлерінің мүдделерін ескере отырып, БҰҰ-ның есірткіге қарсы күрес саласындағы шешімдерін әзірлеуге қатысу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі құралдары жөніндегі комиссиясында және оның қосалқы органдарында Қазақстанның жұмысын жандандыру.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу және басым міндеттерді шешу үшін Бағдарламада есірткіге қарсы жұмыстың тиімділігін арттыруға және республикалық және өңірлік деңгейлерде нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасуды жақсартуға бағытталған кешенді шараларды мына бағыттар бойынша іске асыру көзделеді:

5.1. Ұйымдастыру және талдамалық сипаттағы іс-шаралар

орталық және жергілікті атқарушы органдардың есірткіге қарсы қызметін әртүрлі бағыттар бойынша талдауды жүзеге асыру және қалыптасқан есірткі ахуалын ескере отырып, оны жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

тиісті комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру арқылы республикалық және жергілікті деңгейлерде ведомствоаралық іс-қимыл жасасуды жақсарту;

5.2. Нашақорлықтың бастапқы профилактикасы мен қоғамдық есірткі иммунитетін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар

есірткіге қарсы ақпараттық жұмыстың шоғырландырылған жоспарын әзірлеу және іске асыру, бейнероликтерді, аудиороликтерді, деректі, көркем және анимациялық фильмдерді жасау және трансляциялау арқылы халықтың әртүрлі топтары арасында есірткіге қарсы белсенді насихат жүргізу;

студенттер мен мектеп оқушыларының "Есірткісіз болашақ" республикалық қозғалысын дамыту;

балалар мен жастарды қоса алғанда, халықтың әртүрлі топтары үшін жоспарлы негізде есірткіге қарсы іс-шаралар жүргізу;

оқу орындарын есірткіге қарсы бағыттағы оқу бағдарламаларымен және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

психикалық белсенді заттарға тәуелділікке тартылу қаупін психологиялық тестілеудің әзірленген диагностикалық компьютерлік бағдарламасын сынау, оны оқу орындарына енгізу;

нашақорлық профилактикасы және қиын тәрбиеленетін жасөспірімдермен жұмыс саласында еңбек ететін білім беру қызметкерлерінің есірткіге қарсы тақырып бойынша біліктіліктерін арттыру және оларды оқыту циклдарын жүргізу;

халықтың әртүрлі топтарын спортпен айналысуға тарту, өңірлік деңгейде тегін аулалық және бос уақытты өткізу клубтарының желісін кеңейту, спорт алаңдарын салу және белсенді спортшыларды, қоғамшылдарды аулаларда спорттық жұмыстарды ұйымдастыруға тарту жөнінде кезең-кезеңге арналған бағдарлама әзірлеу;

девиантты мінез-құлқы бар балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру;

нашақорлық профилактикасы саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсету;

білім беру мекемелеріндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастырудың, оқу орындарындағы есірткі тұтынуға байланысты ахуалдың мониторингілерін жүргізу;

халықтың түрлі топтары арасында нашақорлық проблемалары бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізу;

5.3. Есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту жүйесін жетілдіру жөніндегі іс - шаралар

есірткіге тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту қызметтерін нығайту, наркологиялық ұйымдардың штаттарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен нормативтерге сәйкес келтіру;

наркологиялық көмекті ұйымдастырудың жаңартылған стандарттарын әзірлеу және енгізу;

пенитенциарлық жүйе мекемелерінде есірткіге тәуелділерді емдеу мен оңалтудың хаттамаларын әзірлеу және енгізу;

үшінші профилактика бағдарламаларын енгізу (залалды азайту);

денсаулық сақтау жүйесінің мамандарын (нарколог-дәрігерлер, психотерапевтер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және т.б.) даярлау және олардың біліктіліктерін

а р т т ы р у ;

балалар, жасөспірімдер, жастар контингентін қамти отырып, Қазақстан Республикасындағы наркологиялық ахуалдың мониторингін жүргізу.

5.4. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жасау және құқық қорғау органдарының есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшелерінің кадрлық әлеуетін күшейту жөнiндегi іс - шаралар

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы есірткіні әкелу және транзиттеу арналарын анықтау және олардың жолын кесу мақсатында оңтүстік шекараларды нығайту (мемлекеттік шекараны бұзушыларды уақтылы анықтау үшін қажетті жағдайларды жасау, шекараны бұзушылардың әрекетін қиындату үшін кедендік бекеттерді қазіргі заманғы тексеру техникасымен және автоматтандырылған бақылау жүйелерімен жарақтандыру, оңтүстік өңірлердегі ішкі істер органдарының есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыру);

есірткі трафигінің арналарын жоюға, есірткі қылмысына қарсы күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешені;

есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы күреске бағытталған іс - шаралар ;

"Көкнәр", "Арна", "Есірткі қалқаны", "Допинг", "Кедергі" және тағы басқа арнайы жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

құқық қорғау органдарының кинологиялық қызметтерін дамыту; есірткінің заңсыз айналымына байланысты оқиғалар, жеке және заңды тұлғалар туралы жедел ақпараттың ведомствоаралық деректер банкін дамыту;

құқық қорғау органдарының есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерінің қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

мемлекеттік органдардың есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы өзара іс-қимыл мәселелерін реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу және жетілдіру;

арнайы операциялар жүргізу, тиісті заңнамалық актілердің сақталуын тексеру, нормативтік құқықтық базаны жетілдіру арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңды айналымы саласындағы бақылауды күшейту.

5.5. Есірткіге қарсы заңнаманы жетілдіру жөнiндегi іс-шаралар

халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды есепке алу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мәселесін зерделеу;

ауырлығы кіші немесе орташа дәрежеде есірткі қылмысын жасаған есірткіге тәуелділер үшін мәжбүрлі емдеу түріндегі баламалы жазаны енгізу туралы ұсыныс дайындау ;

есірткіні өткізушілердің әрекетін анықтау және жолын кесу жөніндегі жедел-ізвестіру іс-шараларының өндірісінде куәгерлердің қатысуын алып тастау мәселесін пысықтау ;

есірткі тұтыну үшін притондарды ұстауға қарсы күресті регламенттейтін заңнаманы ж е т і л д і р у ;

көңіл көтеру орындары иелерінің, сондай-ақ білім беру ұйымдарының лауазымды адамдарының есірткілерді өткізуінің және медициналық емес мақсатта тұтынуының жолын кесу үшін қажетті шаралардың тізбесін белгілейтін нормативтік құқықтық а к т і н і ә з і р л е у .

5.6. Халықаралық ынтымақтастық

халықаралық шарттық-құқықтық базаны жетілдіру;

есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелері бойынша іс жүзінде өзара іс-қимыл жасасу мақсатында шет елдердің құқық қорғау және арнайы органдарымен ынтымақтастықты к е ң е й т у ;

нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласына халықаралық ұйымдар мен д о н о р е л д е р д і ң қ а р а ж а т ы н т а р т у ;

РҒПО - Орталық Азия елдері үшін Ресурстық орталық базасында наркология мен психотерапия саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

ОАӨАҰО-ның ашылуына және оның дербес халықаралық ұйым ретінде қалыптасуына көмек көрсету.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаның орындалуы оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде бюджеттік бағдарламалар мен заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздер бойынша жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2009 жылы - 6 млрд. 575 млн. 021 мың теңгені, 2010 жылы - 17 млрд. 522 млн. 197 мың теңгені, 2011 жылы - 14 млрд. 690 млн. 077 мың теңгені, жергілікті бюджет қаражатынан 2009 жылы - 405 млн. 350 мың теңгені, 2010 жылы - 293 млн. 100 мың теңгені, 2011 жылы - 307 млн. 380 м ы ң т е ң г е н і т а л а п е т е д і .

Жергілікті бюджет шығыстарының сомасы облыстардың, Астана және Алматы қалаларының мәслихаттары Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2009 - 2011 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаларын қабылдаған және олардың бюджетін нақтылаған кезде өзгереді.

7. Межелі нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

балалар, жасөспірімдер, жастар контингентін психикалық белсенді заттарға тәуелділікке тартылу қаупін компьютерлік психологиялық тестілеу бағдарламаларымен камту көрсеткіші жыл сайын 5-10 %-ға өседі;

жоғары қауіп топтарын (балалар, жасөспірімдер, жастар) психикалық белсенді заттарға тәуелділікке тартылудың қаупін тиімді түзету технологияларымен қамту көрсеткіші жыл сайын 5-10 %-ға өседі;

есірткіге тәуелділер қауымын бастапқы наркологиялық көмек бағдарламаларымен қамту жыл сайын 5-7 %-ға өседі;

психикалық белсенді заттарға тәуелділерді бастапқы наркологиялық көмек кезеңінен амбулаторлық және стационарлық емдеу және оңалту кезеңіне ауыстырудың 10 %-дық көрсеткішіне қол жеткізіледі (2009 жылы - 5 %, 2010 жылы - 7 %, 2011 жылы - 10 %) ;

опиоидтерге тәуелді және емдеу мен оңалтудың толық курсынан өткен адамдардың 15 %-ы ұзақтығы бір жыл және одан да жоғары ремиссияда болады;

халыққа наркологиялық көмек көрсету жүйесін дамыту жөніндегі жұмыс жалғастырылады, оның ішінде Астана қаласында және Шығыс Қазақстан облысында жаңа наркологиялық мекеме пайдалануға беріледі, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарының облыстық наркологиялық диспансерлерінде медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелері ашылады;

жыл сайын заңсыз айналымнан алынатын есірткі көлемі 15-20 %-ға, оның ішінде опиаттар 30 - 50 %-ға ұлғаяды;

анықталатын есірткі контрабандасы фактілерінің саны жыл сайын 20-25 %-ға артады ;

нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселелерінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту, техникалық және қаржылық көмек көрсету үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдерді тарту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжанып отырған шығыстар (млн. Республикалық бюджет)			
					2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2009 жыл
					6	7	8	9
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі ұйымдастыру және талдамалық іс-шаралар								
1	Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйі мен даму үрдістеріне мониторингін жүзеге асыру, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жарты жылдықтың қорытындысы бойынша, 20 шілдеден, 20 қаңтардан кешіктірмей	-	-	-	-

2	Есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды тергеуді прокурорлық қадағалаудың жай-күйіне талдау жүргізу	Прокурорлық қадағалау актілері, ПМ-ге ақпарат	БП (келісім бойынша)	Жарты жылдықтың қорытындысы бойынша, 30 маусымнан, 30 желтоқсаннан кешіктірмей	-	-	-	-
3	Есірткінің заңсыз айналымына, олардың контрабандасына, осы қылмыстар үшін жазалау шараларына байланысты қылмыстық істерді қарау жөніндегі сот практикасын жинақтау, қажет болған жағдайда нормативтік қаулы әзірлеу	Сот практикасын жинақтау	ЖС (келісім бойынша)	2009 жылғы желтоқсан	-	-	-	-
4	Нашақорлық пен есірткі бизнесінің профилактикасы және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның қызметін қамтамасыз ету	Комиссия шешімі	ПМ	Токсан сайын	-	-	-	-
5	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялар жұмысының тиімділігін арттыру	Отырыстардың хаттамалары, ПМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Токсан сайын	-	-	-	-
6	Жергілікті атқарушы органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі қызметін бағалау әдістемесін әзірлеу	Бірлескен бұйрық	ПМ (шақыру), ДСМ, БҒМ, ТСМ, МАМ	2010 жылдың 1-тоқсаны	-	-	-	-
7	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөнінде өңірлік 1 бағдарламаларды әзірлеу	Мәслихаттар шешімдері	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009 жылдың 3-тоқсаны	-	-	-	-
8	Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	ПМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2011 жылдың 3-тоқсаны	-	-	-	-

2. Нашакорлықтың бастапқы профилактикасы және есірткіге қарсы қоғамдық иммунитетті қалыптастыру жөніндегі іс-шара

9	Республикалық және өңірлік деңгейлерде Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне (26 маусым) арналған акциялар өткізу	Тиісті акциялар	ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар, маусым	13,836	13,836	13,836	
10	Халықтың неғұрлым әлсіз топтарына назар аударатырып, қоғамдық санада есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық жұмыстардың шоғырландырылған жоспарын әзірлеу	Шоғырландырылған жоспар	М А М (жинақтау), ІІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар, 1-жарты жылдық	123,159	242,703	301,303	9,1
					6,164	6,164	6,164	5,29
11	Көшелерде және қоғамдық орындарда есірткіге қарсы тақырыптағы әлеуметтік жарнаманы орналастыруды қамтамасыз ету	ІІМ-ге ақпарат	І І М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар	-	24,226	24,226	5,2 8,0
12	Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемаларына арналған "Наркопост" және " Будущее без наркотиков" мерзімді журналдарын шығаруды ұйымдастыру	Журнал шығару	ІІМ	Тоқсан сайын	16,198	16,198	16,198	-
13	"Есірткісіз болашақ", " Жастар есірткіге қарсы" ұранымен студенттер мен оқушыларға арналған іс-шаралар өткізу	Акциялар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық конкурстар өткізу	БҒМ, ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, Шығыс Қазақстан облысының әкімдері	2009-2011 жылдар	0,744	0,744	0,744	4,88
								27,5
14	Девиантты мінез-құлқы бар балалар мен жасөспірімдер үшін жазғы сауықтыру маусымын ұйымдастыру жөнінде іс-шаралар қабылдау	ІІМ-ге ақпарат	Б Ғ М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар мамыр - тамыз	Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде			3,39
								1,02
	Барлық қалалық және ірі ауылдық мектептерде оқу орындарына бекітілген кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік	Мәслихаттардың қарауына ұсыныстар,	Облыстардың, Астана және	Жарты жылдықтың қорытындысы бойынша, 30				

15	полиция инспекторларының (мектеп инспекторлары) лауазымдарын кезең-кезеңімен енгізу	ИМ-ге ақпарат пен ұсыныстар	Алматы қалаларының әкімдері	маусымнан, 3 0 желтоқсаннан кешіктірмей	-	-	-	-
16	Педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар үшін нашақорлық профилактикасы, есірткіге қарсы күрес тақырыбы бойынша оқу семинарларын, білім беру циклдарын өткізу	Семинарлар, білім беру циклдары	БҒМ, ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар	2,805	2,805	2,805	0,3 3,09
17	Оқу орындарын есірткіге қарсы бағыттағы оқу бағдарламаларымен және оқу-әдістемелік әзірлемелер жинақтарымен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізу	Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және тарату	БҒМ	2009-2011 жылдар	14,4	15,7	17,1	-
18	Психикалық белсенді заттарға тәуелділікке тартылу қаупін психологиялық тестілеудің диагностикалық компьютерлік бағдарламасын сынауды жүргізу және оны 479 оқу орнына енгізу	ИМ-ге ақпарат	ДСМ, БҒМ	2010 жылғы сәуір	3,0	6,0	9,0	-
19	Нашақорлық профилактикасы, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту саласында еңбек ететін үкіметтік емес ұйымдарды қолдауды қамтамасыз ету	ИМ-ге ақпарат	БҒМ, МАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар	32,0	34,88	38,02	7,1 2,4
20	Оқушылар мен студенттер арасында "Спорт есірткіге қарсы", "Туризм есірткіге қарсы" атты бұқаралық-спорттық және туристік іс-шаралар өткізу	ИМ-ге ақпарат	ТСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана және Алматы қалаларының, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері	2009-2011 жылдар	3,414	3,799	4,085	4,73 5,0 10,0 2,56
	Спорттық отбасылық іс-шаралар өткізуді		Орталық және жергілікті					

21	жоспарлы негізде қамтамасыз ету	ТСМ-ге ақпарат	атқарушы органдар	2009-2011 жылдар	Мемлекеттік бюджетте аппарат көзделген қаражат шегінде			
22	Балалар мен жастарға арналған тегін және жеңілдікпен баруға болатын спорттық және демалыс секциялары мен клубтарының желісін дамытуды жалғастыру	Секциялар мен клубтар ашу, ТСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, оның ішінде Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері	2009-2011 жылдар	-	-	-	5,0
								3,93
23	Спорттық алаңдардың жеткілікті санын құруға және спорттық ойындарға балалар мен жасөспірімдерді тартуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру	Аулалық алаңдар құру, аулалық командалар арасында жарыстар мен біріншіліктер ұйымдастыру, ТСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, оның ішінде Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдері	2009-2011 жылдар	-	-	-	4,02
								2
24	Білім беру мекемелеріндегі профилактикалық жұмыстың ұйымдастырылуына мониторинг жүргізу	ИМ-ге ақпарат	БҒМ	2009-2011 жылдар	0,712	0,712	0,712	-
25	"Оқу орындарында есірткі тұтынуға байланысты ахуалды зерттеу" мониторингін жүргізу	ИМ-ге ақпарат	БҒМ	2009-2011 жылдар	4,541	4,95	5,4	-
26	Халықтың түрлі топтары арасында нашақорлық проблемалары бойынша социологиялық зерттеулер жүргізу	Социологиялық зерттеулер жүргізу, ИМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар	-	-	-	0,7
								4,0
3. Есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту жүйесін жетілдіру								
27	Есірткіге тәуелді адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту қызметтерін нығайтуды қамтамасыз ету	ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, Атырау облысының әкімдері	2009-2011 жылдар	-	-	-	9,38
								168,4
								108,7
28	Наркологиялық ұйымдардың штаттарын бекітілген штаттық нормативтерге сәйкес келтіру (Денсаулық сақтау	ДСМ-ге ақпарат	Облыстардың, Астана қаласының әкімдері	2009-2010 жылдар	-	-	-	-

	министрлігінің 2004 жылғы 26 қазандағы N 764 бұйрығы)							
29	Наркологиялық көмекті ұйымдастырудың жаңартылған стандарттарын әзірлеу және оларды кең көлемде енгізуді қамтамасыз ету	НМ-ге ақпарат	ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010-2011 жылдар	-	-	-	-
30	Пенитенциарлық мекемелерде психикалық белсенді заттарға тәуелділерді диагностикалау, емдеу мен оңалту хаттамаларын әзірлеу және оларды кең көлемде енгізуді қамтамасыз ету	Бірлескен бұйрық	Әділетмині, ДСМ	2010 жылғы қыркүйек	-	-	-	-
31	Қайталауға қарсы және қолдау терапиясы екінші профилактика, үшінші профилактика кезеңдерінде уәжді ақпараттандыру мен наркологиялық консультация беру тақырыбы бойынша бейнеқұралдар дайындау	Бейне құралдар	ДСМ**	2010 жылғы маусым	-	-	-	-
32	Қазіргі заманғы наркологиялық көмекті ұйымдастыру жөніндегі ұлттық басшылықты дайындау және оны шығаруды қамтамасыз ету	Қазіргі заманғы наркологиялық көмекті ұйымдастыру жөніндегі басшылық	ДСМ**	2011 жылғы наурыз	-	-	-	-
33	Балалар, жасөспірімдер, жастар контингентін қамти отырып, Қазақстан Республикасындағы наркологиялық ахуалдың мониторингін жүргізу	ІІМ-ге ақпарат	ДСМ**	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
34	БҰҰ ЕҚБ-ның "Treetnet" халықаралық желісінің ресурстық орталығы ретінде РФПО-ның базасында Орталық Азия елдерінің наркологиялық бейіндегі мамандары үшін білім беру бағдарламаларын жүргізу	Білім беру курстарын, семинарлар, конференциялар өткізу	ДСМ***	2009-2011 жылдар (БҰҰ ЕҚБ жоспары бойынша)	-	-	-	-
35	Наркологиялық көмек сапасын басқару мәселелері жөнінде	ІІМ-ге ақпарат	ДСМ***		-	-	-	-

	халықаралық конференция өткізу			2011 жылғы қыркүйек				
36	Медициналық емдеу курсынан өткен есірткіге тәуелді адамдарды әлеуметтік-психологиялық оңалту орталығының, сондай-ақ "Сенім телефоны" бірыңғай республикалық қызметінің жұмысын одан әрі қамтамасыз ету	Тиісті іс-шаралар кешені	ІІМ****	2009-2011 жылдар	41,145	52,498	62,295	-

4. Есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл

4.1. Оңтүстік шекараларды нығайту және Қазақстан Республикасының аумағына есірткінің заңсыз әкелінуіне қарсы күрес

37	Оңтүстік шекараларды нығайту арқылы есірткіні әкелу және транзиттеу арналарын анықтау мен жолын кесуді қамтамасыз ету	Техникалық құралдарды сатып алу	Қаржымині КБК, ҰҚК (келісім бойынша), ІІМ	2009-2011 жылдар	1158,996	7842,810	6581,714	-
					3108,031	6186,82	5565,389	-
					733,441	739,563	796,935	-
		Жобалау-сметалық құжаттама, орындалған жұмыстар актілері	ҰҚК (келісім бойынша)		120,0	1504,0	376,0	-
		Тағам өнімдерін және жанар-жағар май материалдарын сатып алу	ҰҚК (келісім бойынша)		456,390	497,468	541,239	-
38	"Кендір" ("Көкнәр") а р н а й ы жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу	Құқық белгілейтін және құқық растайтын құжаттар	ҰҚК (келісім бойынша)	2009-2011 жылдар	52,628	-	-	-
39	Есірткі трафигінің арналарын жоюға, есірткі қылмысына қарсы күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, Жамбыл облысының әкімі	2009-2011 жылдар	-	18,54	18,54	-
					23,5	23,5	23,5	-
40	Есірткі бизнесіне қарсы күрес желісі бойынша шекарада мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасасу тәртібін регламенттейтін тетікті әзірлеу және енгізу	Бірлескен бұйрық	Қаржымині КБК, ҰҚК (келісім бойынша), ІІМ	2009 жылғы қыркүйек	-	-	-	-
	"Оңтүстік" (Шымкент қаласы) және "Орталық" (							

47	қызметтерін нығайту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру	Тиісті іс-шаралар	Алматы қалаларының әкімдері	2009-2011 жылдар	19,313	27,472		-
----	---	-------------------	-----------------------------	------------------	--------	--------	--	---

4.3. Есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл

48	Есірткі бизнесінен түсетін кірістерді заңдастыру фактілерін құжаттандыру және олардың жолын кесу жөнінде бірлескен іс-шаралар кешенін іске асыру	Тиісті іс-шаралар	ЭСЖҚА (келісім бойынша), ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
49	Есірткі бизнесінен түсетін кірістерді заңдастыру фактілерін анықтау және жолын кесу туралы әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу	Әдістемелік ұсынымдар	ЭСЖҚА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ИМ, Қаржымині КБК, БП (келісім бойынша)	2009 жылғы желтоқсан	-	-	-	-
50	Есірткі бизнесінен түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы күрес саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасуды регламенттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді қамтамасыз ету	Бірлескен бұйрық	ЭСЖҚА (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша), ИМ, Қаржымині КБК, БП (келісім бойынша)	2010 жылғы маусым	-	-	-	-
51	Құқық қорғау органдарының үйлестіру кеңесінің қызметі шеңберінде есірткі бизнесінен түсетін кірістерді заңдастыруға қарсы күресті ұйымдастыруда құқық қорғау органдарының қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз ету	Ұсынымдар, ұсыныстар	БП (келісім бойынша)	2009-2011 жылдар	-	-	-	-

4.4. Есірткі құралдарының психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңды айналымын бақылауды күшейту

	Қолданыстағы заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, есірткі құралдарының,							
--	--	--	--	--	--	--	--	--

52	психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңды айналымы саласындағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруді қамтамасыз ету	Нормативтік құқықтық актілер	ІІМ, ДСМ, Әділетмині	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
53	"Допинг" арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу	Жедел-профилактикалық операция өткізу	ІІМ, БП (келісім бойынша), ЭСЖҚА (келісім бойынша), ДСМ	2009-2011 жылдар, жеке кестелер бойынша	-	-	-	-
54	Прекурсорлардың импортын, экспортын, транзитін, сондай-ақ пайдаланылуына мемлекеттік бақылау шараларын күшейту	Бірлескен іс-шаралар жүргізу	ІІМ, Қаржымині КБК, БП (келісім бойынша)	2009-2011 жылдар, жеке кестелер бойынша	-	-	-	-
55	ЕБҚК-нің "Е-лицензиялау" бірыңғай деректер базасына қосылуын қамтамасыз ету	Тиісті іс-шаралар	ІІМ***** ИСМ	2011 жылғы маусым	-	-	-	-

4.5. Есірткі бизнесіне қарсы күресті талдамалық қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін арттыру

56	Есірткінің заңсыз айналымына байланысты оқиғалар, жеке және заңды тұлғалар туралы жедел ақпараттың ведомствоаралық деректер банкі құруды, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу үшін көліктік орта құруды қамтамасыз ету	Тиісті іс-шаралар	ІІМ***, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
57	ІІМ Академиясының Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығының, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің оқу орталықтарының базасында есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшелерінің қызметкерлерін қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	Сертификаттар беру	ІІМ***** ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша)	2009-2011 жылдар	-	-	-	-

58	Әділетминінің Сот сараптамасы орталығының базасында заңсыз айналымнан алынатын есірткі құралдары мен психотроптық заттар үлгілерінің деректер банкін құру мүмкіндігін қарастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Әділетмині ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, БП (келісім бойынша)	2011 жылғы маусым	-	-	-	-
----	---	---	---	-------------------	---	---	---	---

5. Есірткіге қарсы заңнаманы жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

59	Халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде мәселені пысықтау және қажет болған жағдайда нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды есепке алу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ (жинақтау), БҒМ, ИМ	2010 жылғы маусым	-	-	-	-
60	Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 264-бабын қолдану практикасын зерделеу және есірткі тұтыну үшін притон ұстауға қарсы күрес бөлігінде заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша), Әділетмині	2010 жылғы маусым	-	-	-	-
61	Көңіл көтеру орындарында, сондай-ақ білім беру ұйымдарында есірткілерді өткізудің және медициналық емес мақсатта тұтынудың жолын кесу үшін қажетті шаралардың тізбесін әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ИМ, БҒМ, ДСМ, ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша), Әділетмині	2010 жылғы желтоқсан	-	-	-	-
62	Ауырлығы кіші және орташа дәрежедегі есірткі қылмыстарын жасаған есірткіге тәуелді адамдар үшін мәжбүрлі емдеу түріндегі баламалы жазалауды енгізу туралы ұсыныстарды Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының және жедел-ізвестіру қызметі жөніндегі заңнамаларды жетілдіру мәселелері	Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының және жедел-ізвестіру қызметі жөніндегі заңнамаларды жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының шешімі	ИМ (жинақтау), ДСМ, Әділетмині	2010 жылғы маусым	-	-	-	-

	жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының қарауына енгізу							
6. Халықаралық ынтымақтастық								
63	Есірткі трафигіне қарсы күрес мәселелері бойынша шет елдердің құқық қорғау және арнайы органдарымен іс жүзіндегі өзара іс-қимылды кеңейту	Халықаралық шарттар, конференциялар, семинарлар	ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), СИМ	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
64	ҰҚШҰ, ШЫҰ, ТМД шеңберіндегі есірткіге қарсы құрылымдар мен кеңестердің жұмысына қатысуды жалғастыру	Отырыстарға қатысу, ұсыныстар әзірлеу және іске асыру	ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), СИМ	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
65	Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің материалдық техникалық және кадрлық әлеуетін нығайту, есірткіге қарсы профилактикалық жобаларды іске асыру үшін донор елдер мен халықаралық ұйымдардың қаражатын тарту жөнінде жұмыс жүргізу	Халықаралық жобаларға, семинарларға, тренингтерге қатысу	ИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК, ЭСЖҚА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), СИМ	2009-2011 жылдар	-	-	-	-
66	ОАӨАҰО-ға оның қызметін ұйымдастыруына және Алматы қаласында орналасуына қажетті көмек көрсету	ОАӨАҰО-ның ашылуы, тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау	ИМ, СИМ, ҰҚК (келісім бойынша), Қаржымині КБК	2009-2010 жылдар	410,425	-	-	-
Барлығы				2009-2011 жылдар	6575,021	17522,197	14690,077	405,7
оның ішінде РБ бойынша								
	Мемлекеттік орган			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	Жиы	
	ИМ			1382,921	1040,054	1107,814	3530	
	ҰҚК			3848,329	8299,568	6593,908	1874	
	Қаржымині КБК			1158,996	7870,282	6609,186	1563	
	МАМ			123,159	242,703	301,303	667,	
	БҒМ			55,202	59,791	64,781	179,	

ИСМ	3,414	3,799	4,085	11,2'
ДСМ	3,00	6,00	9,00	18,0'
РБ бойынша барлығы	6575,021	17522,197	14690,077	3878

* шығыстар ДСМ-нің Нашәқорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығына бөлінетін республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады (030 "Республикалық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсету" бюджеттік бағдарламасы);

** шығыстар ДСМ-нің Нашәқорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығына денсаулық сақтау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін бөлінетін республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады (009 бюджеттік бағдарлама);

*** шығыстар халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қаражаты есебінен қаржыландырылады ;

**** шығыстар 020 "Нашәқорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер" бюджеттік бағдарламасының есебінен қаржыландырылады;

***** шығыстар "Сораны кешенді өңдейтін зауыт құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған" жобасының шеңберінде тартылатын инвестициялар есебінен қаржыландырылады ;

***** шығыстар 012 000 "Жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлау" бюджеттік бағдарламасы есебінен, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен донор елдерден тартылатын қаражат есебінен қаржыландырылады;

***** шығыстар "Электрондық үкімет" мемлекеттік бағдарламасы есебінен қаржыландырылады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЭСЖҚА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі

ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты

БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қаржымині КБК - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

ІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ЕБҚК - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
министрлігі	
МАМ	- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі	
БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі	
ТСМ	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт
министрлігі	
Әділетмині	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
РБ	- республикалық бюджет
ЖБ	- жергілікті бюджет
ҰҚШҰ	- Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы
ШЫҰ	- Шанхай ынтымақтастық ұйымы
ТМД	- Тәуелсіз елдер достастығы
ОАӨАҰО	- Есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес
	жөніндегі Орталық Азия өңірлік ақпараттық
	үйлестіру орталығы